



14 сәуір, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz / www.instagram.com/syrboyi_kz / https://twitter.com/syrboyi / t.me/syrboyi_kz


2 Киік санағы басталды



4 Таңдапты мәңгілікті мұрабаға



5 Скрининг-ауру алдын алғанда ғана асқынбайды



6 Зеңгір көкта самғаған қыран бүркіт



● ПРЕЗИДЕНТ



Жоспарланған жобалар таныстырылды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Хабар» Агенттігі» АҚ басқарма төрағасы Берік Уәлиді қабылдады.

Мемлекет басшысына «Хабар» Агенттігі» АҚ құрамындағы телеарналардың жұмысы туралы баяндалды.

Берік Уәли алдағы кезеңде іске қосуға жоспарланған жобалар мен апараттар, қоғамдық-саяси, танымдық бағыттағы контенттер жасау жөнінде айтты.

Сонымен қатар Президентке Агенттікті техникалық жағынан жаңғырту жоспары туралы мәлімет берілді.

Әңгімелесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік апараттық саясатты жүзеге асыруда Агенттіктің маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, «Хабар» телеарналар тобының жұмысын заман талабына сәйкестендіруді тапсырды.

● САПАР

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН СЫР ЕЛІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алғашқы жұмыс сапарын Қармақшы ауданындағы киелі Қорқыт ата мемориалдық кешенінде зиялы қауым өкілдері және ардагерлермен кездесуден бастады.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Басқосуға облыстық мәслихат хатшысы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, барлық ауданның ардагерлер кеңесінің төрағалары, түрлі сала ардагерлері, аудандық мәслихат хатшылары қатысты. «Бірлігі жарасқан Сыр елі» деп аталатын іс-шара барысында аймақ басшысы ақсақалдар қашанда елдің бірлігі мен ынтымағын сақтауға айрықша үлес қосып жүргенін атап өтіп, ел ағаларымен жиі пікірлесіп, ұсыныстарын тыңдауға әрқазір әзір екенін жеткізді.

— Ардақты ағаларым! Қасиетті Рамазан айында киелі Қорқыт бабамыздың басында өздеріңізбен бас қосқанымызға өте қуаныштымын. Маған үлкен сенім білдіріп, туған жеріме қызмет жасауға мүмкіндік берген Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлына алғысым шексіз. Өздеріңіздің қолдауларыңызбен алдағы уақытта әріптестерімізбен бірге елдің, Президентіміздің сенімінен шығу үшін осы кезге дейін жинаған барлық күш-жігерімді, білімімді аямай

жұмсаймын деп сендіргім келеді, — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы әр азамат үшін еліне, оның ішінде туған жеріне қызмет ету зор жауапкершілік екенін, жинаған тәжірибесін ілкімді істерді дамыту бағытына пайдаланатынын атап өтті. Бірлігі жарасқан, бүкіл елге үлгі болған Сыр өңірінде Мемлекет басшысы ұсынған реформаларды жүзеге асыру міндеті тұр. Алдыңғы толқын ағалар еліміздің дамуы жолында бұдан да қиын кезеңде қызмет атқарғанына, ағайынның ауызбірлігін сақтап, елдің ертеңге сенімін нығайтқанына тоқталды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев аға буын атынан сөз алып, жұртшылықты бірлік пен ынтымаққа үндейтін бас-тамалардың маңызды екенін

жеткізді. Ардагерлер аймақ басшысының алдағы істеріне сәттілік тілеп, алғашқы қадамды жиналыстан емес, киелі жерден бастағанына ризашылық білдірді.

Бүгінде ғасыр ғұмыр иесі атанған соғыс және еңбек ардагері Яхия Тасыров облыс басшысына ақ бағасын берді. Кездесу соңында аймақ басшысы зиялы қауымға алғысын білдірді. Әрбір мәселені шешуде халық пікірі ескеріле отырып іске асатынын айтып, Президент ұсынған жана реформаларды бірге жүзеге асыруға, Жаңа Қазақстанды бірігіп дамытуға шақырды.

Ігі іс-шарада құрбан шалынып, аймақ басшысы мемориалдағы музей жұмысымен танысты. Мұнан кейін облыс әкімі Жосалы кентіндегі «Мәңгілік ел» монументі алдына арша көшеттерін отырғызды.

Суретті түсірген Б.ЕСКАНОВ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер! Сіздерді Дүниежүзілік авиация және космонавтика мен отандық ғылым саласының қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Алғаш рет Сыр жеріндегі «Байқоңыр» ғарыш айлағынан 1961 жылдың 12 сәуірінде Кеңес ғарышкері Юрий Гагарин ғарышқа аттанып, адамзат баласының жұлдыздар әлеміне қадам басам деген арманы орындалды.

Ұлт мақтаныштарына айналған Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ғарыш жолын жалғастырып, қазақтың даңқын көкке көтерді. Әрі қарай да қазақ жастары ғылыми жаңалықтарға жол ашып, елдің дамуына серпін береді деп сенемін.

Ел ішінде ғылым саласында біртұтас мектептің негізін салып, ғылыми жетістіктерге қол жеткізген ғалымдарымыз көп. Оның ішінде Сыр топырағынан шыққан мақтаныштарымыз да жетерлік.

Барша Сыр елінің ғылым саласы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, еңбектеріне зор табыс, шаңырақтарына шаттық, бақ-береке тілеймін!

Құрметпен, облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

● САРАП

Қымбатшылық қос бүйірден қысып барады

Күн сайын қос бүйірден қысқан қымбатшылық кім-кімге де оңай тимей тұр. Баға ауа райы секілді құбылуда. Бұл тек біздің елге қатысты жағдай емес, өкінішке қарай дүниежүзілік мәселеге айналды. Мұның себебін мамандар мен сарапшылар Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстармен байланыстыруда. Иә, қай заманда да соғыстың зардабы бүкіл адамзатқа әсер етегі анық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Қазір Жер шарының қай аумағында қандай мәселе орын алса да, бейжай қарай алмайсың. Мәселен, кешегі жер жүзі халықтары басынан өткерген екі жылға жуық сынақ — пандемия кезеңін әсте ұмыта қоймадық. Демек,

тіршілік көзі саналатын азық-түлік бағасының күрт өсуіне қай мемлекет болмасын, қол қусырып қарап отырмасы анық. Айталық, Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон бүгінде адамзат ғасырдан астам тарихындағы ең

сезімтал және күрделі кезеңіне келіп тірелгенін мәлімдеді. «Сарапшылардың пікірінше, дағдарыстың осы өте сезімтал кезеңінің салдарын болжау мүмкін емес және ол ұзақмерзімді сипатқа ие. Быылғы жыл адамзат үшін барлық жағынан, алдымен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан ең қиыны және ең ауыры болады. Әрбір отбасы өз-өзін қамтамасыз етуі керек, мүмкіндігінше көп өнім, екі жылға жететін азық-түлік қорын жинап алуды ойластыруы қажет» депті Тәжікстан президенті.

3-бет



● КӘСІП ПЕН НӘСІП

Әуелде мұның бәрі әуесқойлықтан басталған. Бес-алты мекен мен қоразды қорасында ұстады. Хобби деуші ме елі мұндайды? Байқап отырса, тауық шіркінің бабын жасасан берері көп екен. Бұл үй дүкеннен жұмыртқа сатып алмағалы қай заман? Ал келіншегі күс етін қай тамақ түріне де жарата берді. Сол кезден бастап тауықтың санын көбейтті. Қытқытпаған бұл шіркіндердің қасына қаз бен үйректің түрлі тұқымы да келіп жайғасқан еді. Әрине, кейінгі 3-4 жылда.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Қала іргесіндегі «Қарауылтөбе» ауылында тұратын Абай Игембаевтың ауласында үй қушының түр-түрі барын естігенбіз. Барып көрмекке ниеттендік. Қызығы сол, кейіпкеріміз мемлекет тарапынан ешқандай көмек не кеңес алмапты. Өз қалауына құс санын көбейткен. Жақын маңдағы мектепте жұмысшы болып істейтін оның бұл кәсібі жоқтан бар жасауға келетін сияқты.

— 2018 жылы үй құстарын баға бастадым. Оған себепші болған ағам Қайрат. Оның бұл кәсіппен айналысқанына он жыл болды. Қазір бөдене бағып, сол шаруашылықпен шұғылдануда. Бүгінде өзімде 150-ден астам тауық бар. «Супер Ник», «Коралл», «Джерсейский гигант», «Кучинский» деп



Құс баққанға құт қонады

аталатын бағалы түрлерін өсірудемін. Сойып етін сатамыз, күнделікті жұмыртқасын ауылдастар-ақ қоймайды. Инкубатор арқылы балапан шығарып, оны да саудалайтындар жеткілікті. Мысалы, бір инкубатор аппаратына 720 жұмыртқа саламыз. Оның ішінде жарамсыз жұмыртқалар да болуы мүмкін. Сонда 600-ден астам тауық балапанын шығаруға болады, — дейді А.Игембаев. Құс өсірушінің айтуынша, жем-суы тұрақты берілсе, тауықтың жұмыртқалауына еш кедергі жоқ. Сондай-ақ кейінгі екі жылда қаз бен үйрек өсіруді қолға алған ол жақинда Ресейден осы құстардың түрлі тұқымын әкеліпті.

2-бет

● БАСПАСӨЗ – 2022



Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға — 3500 теңге. мекемелер үшін: 6 айға — 4500 теңге.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Тапсырма тиянақты орындалуы керек

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен селекторлық жиында елдегі әлеуметтік-экономикалық даму мен республикалық бюджеттің атқарылуының қорытындылары және отандық ғылымды дамыту мәселелері қаралды. Жиынға ведомство өкілдері мен барлық өңірдің әкімдері қатысты.

Үкімет басшысы инфляцияны ұстап тұру, экономикалық көрсеткіштерді арттыру мен азық-түлік қорын молайту бағытында және



ғылыми әлеуетті көтеру, жастарды ғылымға тарту сынды бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев орынбасарлары мен барлық басқарма басшыларына Үкімет қойған негізгі талап шеңберінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін көтеруде жұмысты ширату қажет екенін алға тартты. Сала бойынша негізгі басымдықтарға жете мән беріп, талдау жұмыстарын қарқынды жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, өңірді дамытудың өзекті мәселелері облыс әкімінің төрағалығымен өтетін алдағы актив отырысында жан-жақты қаралатын болады.

● ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Шиелідегі «Ардагерлер үйінде» аудандық қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Жиында Шиелі АПБ бастығы, полиция подполковнигі Дәулет Беркімбаевтың «Аудан көлеміндегі жалпы қылмыстық жағдай, оның алдын алу шаралары туралы» есебі тыңдалды. Соңынан сұрақ-жауаппен күн тәртібіндегі мәселе толықтырылды. Отырысты аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Қабілет Бекішов жүргізіп отырды.

Қоғам қалыпты даму үшін

– Қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында өткен жылы атқарылған жедел қызметтік жұмыстар нәтижесінде қылмыстық ахуал тұрақты болып қалыптасты. Жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтың тіркелуі төмендеді, – деді аудандық полиция бөлімінің басшысы. – Өткен жылы тіркелген қылмыстарды ұрлық, алаяқтық құраса, қалғаны – өзге санаттағылар. Кейінгі бес жылға жасалған талдау нәтижесіне қарасақ, жылдан-жылға төмендегендігін байқаймыз. Дегенде, өткен жылы кісі өлтіру және оған оқталу өскен.

Полиция подполковнигінің мәліметінше, кейінгі жылдары алаяқтық қылмыс өршіген. Мәселен, бірнеше адамға жер алу беремін деген аудан тұрғыны теріс әрекетпен құрықталған. Интернет желісі арқылы өзгені арбауына түсіру деректері жиілеген көрінеді. Жұртшылық мұндай теріс пиғылдардың алдауына түсіп қалмас үшін оның насихатын жітілікпен жасау тиімді болмақ. Бұл орайда БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы арамды алаяқтық жасауға бейім жандардың кездесетінін ескертіп отыруымыз қажет. Ішкі істер органдары «Алаяқтықтан абай болайық» тақырыбымен тұрғындарға жадынама таратып, оларды көпшілік жиналатын орындарға ілу сынды алдын алу жұмыстарын жүргізіп отырады. Мұның сыртында республика көлемінде «Hi-tech» іс-шарасы өткізілгенін айтты.

– Бүгінде аудан орталығында, ауылдық округтерде учаскелік полиция инспекторлары, олардың көмекшілері қоғамдық тәртіпті сақтау жолында қызмет жасап келеді, – деді АПБ басшысы.

Қоғам мүшелерінің және полицияның басты міндеттерінің бірі – тәртіпті сақтау, айнала қолайсыздық туғызатын жағдайларға жол бермеу, қылмыстың алдын алу. Бұл орайда аудандық полиция құрамы ішімдікке құмар, қылмыс жасауға бейім, отбасының шырқын бұзатын азаматтарды тіркеуге алып, тиісті шаралар қолданып отырады. Мәселен, өткен жылы Ішкі істер министрлігінің біріктірілген деректер банкне әртүрлі санатпен профилактикалық және тізімдік есепке алынғандар бар. Сонымен қатар, маскүнем санатымен де есепке қойылған. Отбасында, тұрмыстық ортада жасалатын қылмыстардың алдын алу бағытында қорғау нұсқамалары шығарылып, олардың жүріс-тұрысы бақылауға алынған. Мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленіп, қадағалануға алынғандар да бар.

Өз хабарламасында Д.Беркімбаев одан әрі қылмыстың алдын алу бағытындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Мал ұрлығы, пәтер тонау, көлік ұрлау, т.б. оқыс жағдайларды болдырмау мақсатында профилактикалық шаралар жыл бойы ұйымдастырылатынын атап өтті.

Есептен соң қоғамдық кеңес мүшелері өздерін толандырып мәселелер бойынша сауалдар беріп, оларға толық жауап алды. Атап айтқанда Болат Күлімбетті аудан көлеміндегі қолданып балықты тоқпен аулайтындардың зиян келтіргені қынжылтады. «Осыған шара көрілсе» дейді қоғамдық кеңес мүшесі. Сондай-ақ, қоғамдық кеңес мүшелері С.Бекпенбетов, Б.Сыздықов, Т.Бабасов өз сауалдарына берілген жауаптарға қанағаттанды. БАҚ өкілдерінің сауалдары да назарда болды. Аудан тұрғыны құмар ойын орындарын жабу туралы өз ұсынысын білдірді. Бұл орайда атқарылып жатқан шаралар туралы айтылып, тиісті жауап берілді.

Қоғамдық кеңестің отырысын төраға Қ.Бекішов қорытындылады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы

● БРИФИНГ

Тұтынушы құқы қалай қорғалады?

Дүкеннен мерзімі өтіп кеткен тауар алсаңыз, оны қайтарып беруге болатынын және сатушының ауыстыруға міндетті екенін біле жүргеніңіз абзал. Егер дүкен несі апарған затыңызды ауыстырып бермесе, облыстық тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментіне шағым айта аласыз.



Кейінгі кезде жұртшылықтың құқықтық сауаты артып, соның нәтижесінде департаментке арызданушылар алдыңғы жылмен салыстырғанда былтыр екі жарым есеге артқан. Биылғы жылдың үш айында 66 өтініш түссе, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11 өтінішке немесе 29,4 процентке артық.

Департамент басшысы Еркасым Сүлейменов өңірлік коммуникациялар қызметінде журналистермен өткен баспасөз мәслихатында жыл басынан бері түскен өтініштің 31-і заңға сәйкес қанағаттандырылғанын атады. Өтініштерді талдау барысында оның 45,4 проценті сапасыз тауарды

айырбастаудан, қайтарудан бас тартуға қатысты болған. Тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің дұрыс жүргізілуіне арызданғандар 17 болса, тұтынушыларды алдау, сапасыз тауар ұсыну 6, қаржы қызметіне байланысты 2, қоғамдық тамақтану орындарына қатысты 2 дерек тіркелген. Көрсетілген деректер негізінде тұтынушыларға 293 мың теңгеден астам қаржы қайтарылды.

Аталған департаменттің өз алдына бөлек мекеме болып жұмыс істегеніне биыл үшінші жыл. Осы уақыт аралығында оның жұмысы жанданып, тұтынушылар құқығын қорғауда тынбай келеді. Штат саны

екі адам болғанына қарамастан, жүргізілген іс-шаралар аясында жұртшылықтың құқықтық сауаты артып, тұтынушы ретінде қай жерге шағымдануға болатынын білетіндей жағдайға жетті. Соның аясында Ашық есік күні, сауалнама, ақпараттық акцияларға 150-ден астам адам қатысқан.

– Тұтынушы құқығының жиі бұзылуы сатушы мен сатып алушының заң талаптарын білмеуінен болады. Екеуара сотқа дейін мәселені шешуге де мүмкіндік бар. Көп жағдайда дау осы екі адамның арасында өрбиді. Занда тұтынушының құқығы мен сатушының міндеті анық көрсетілген, – деді Е.Сүлейменов.

Департамент кез келген дүкенге барып тексеру жүргізе алмайды. Тек тұтынушылар тарапынан түскен арыздың негізінде жұмыс істейді. Сондықтан тауарды алып, оны 14 күн ішінде қайтаруға болатынын біле жүріңіз. Алайда есте ұстар тағы бір жайттар бар. Егер сатып алған тауарды пайдаланып қойсаңыз, оны кері өткізе алмайсыз. Сондай-ақ, ұялы телефон, іш киім, жануарлар мен дәрілік заттар кері қайтарылмайтынын есте сақтаңыз.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ ТҰРАҚТЫ ӨТТІ

Облыста 2021-2022 жылғы жылу беру маусымы жоспарға сәйкес өтті. Қалада 6 сәуір күні жылу беру тоқтатылды. 12 сәуірден бастап Жаңақорған ауданында, қалған аудандарда 15 сәуірден бастап тоқтатылды. Өңірдегі 1064 әлеуметтік нысан мен 816 көпқабатты тұрғын үй жылумен қамтылды.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Жаңабаев хабарлады.

– Жалпы облыста тіршілікті қамтамасыз ететін барлық коммуналдық кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеді. Осы жылу беру маусымында коммуналдық-тұрмыстық қажеттілікке 33,3 мың тонна, ал тұрғындар үшін 140,4 мың тонна көмір жеткізілді. Алдағы жылу беру маусымында қала және аудан әкімдерінде, тиісті салалық басқармаларда дайындық жұмыстары жүргізіледі, – деді басқарма басшысы.



Киік санағы басталды

Ақбөкенді қазақ «киік» деп атайды. Киілі аң деп қастерлейтін осы сұлу жаратылыс шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етеді. Олар ауа райына, жайылым жағдайына байланысты қонысын ауыстырып отырады.

Мәселен, облыстың солтүстік-шығыс беткейі Қарақұм деп аталатын далалық аумағына Бетбақдала популяциясының киіктері қыс мезгілінде қоныс аударады. Биылдың өзінде «Охотзоопром» РМҚК Қызылорда филиалы инспекторларының қорғау жұмыстары нәтижесінде 30 мың басқа жуық киіктің келгені байқалған.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Киік» кең ауқымды табиғатты қорғау акциясы

аясында жүргізілетін жұмыстар баяндалды. Ақция сәуірдің 15-і мен мамырдың 15-і аралығын қамтиды. Жойылып кету қаупі бар жануарлар қатарындағы тіршілік иесін аулауға 2023 жылға дейін тыйым салынған. Киіктердің дақтайтын, өрістейтін тұрақты жері, сол өңірге жыл сайын жылы жақтан келіп, кері қайтатын арнайы жолы да болады. Бір ғажабы, ақбөкендер табиғат тамыршысы секілді, қыстың қарлы боранды болатынын, көктемнің кеш туатынын алдын ала біледі. Өздері де соған сәйкес тіршілік етеді.

Олардың төлдеу уақытында қолға алынған іс-шара жан-жақты күшейтілген режимде республиканың 12 облысында жүргізіледі.

– Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Манғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының аума-

ғында 430-ға жуық инспектор, 2 тікұшақ, 90 «Джип», 34 «КУНГ» автокөлігі мен 7 спорттық мотоциклді жұмылдырылуда. Арнайы техникалардан дрон аппараттары мен безпилотниктер қолданылып, басқа да мүмкіндіктер қарастырылады. Ақция аясында күзирлі құқық қорғау органы қызметкерлерімен бірге «Қызылорда-Ақтөбе», «Қызылорда-Жезқазған», «Қызылорда-Түркістан» бағытындағы жолдарда мобильдік топтар мен бекеттер жұмыс істейді, – деді «Охотзоопром» РМҚК Қызылорда филиалының басшысы Берік Жорабеков.

Орал, Үстірт, Бетбақдала популяциясында киік саны өткен жылғы санақ бойынша 842 мың бас болған. Бүгінде екі тікұшақ әуе арқылы биылғы санақ жұмыстарын бастап кетті.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Құс баққанға құт қонады



– Жергілікті жерге тез бейімделеді. Әрі бұлардың еті өте дәмді. Қаз бағуға қызығушылар бар. Ауа райына бейімдеп өсірушілер де біздің облыста көбейіп келеді. Менің қолымда «Крупный серый», «Линда», «Губернатор» деп аталатын тұқымдары өсуде. Барлығы 300 балапан. Бұларды ет бағытында

өсіреміз, бес айдан кейін союға жарамды. Бір қызығы, қаздың ит орнына қарауыл болып жүретіні бар. Аулаға өзге адам кірсе, айбат шегіп, тістеге ұмтылады, – деп күлді құс өсіруші ағамыз.

Абай Игембаевтың үйректері де бар. Бізге «Пекинский» деп аталатын тұқымнан 40 шақты балапанды да көрсетті. Ал құстарына күнделікті

берер жемді көрші Түркістан облысынан алдырады екен. Олардың басты азығы – жүгері, бидай, соя сияқты дақыл мен балық сүйегінен дайындалған ұн түйіршіктері.

Мұны демалыс, кәсіп әрі табыс көзі деп есептейтін қарауылтөбелік жігіт ағасы осылай тіршілік қылуға. Етінен бөлек, жұмыртқасын сатылымға шығарып, жергілікті тұр-

ғындарды қажетті өніммен қамтып отыр. Расы сол, күнделікті ас мәзірінде құс жұмыртқасы мен етінің маңызы ерекше. Тез қорытылады, протейнге бай, емдік әрі жеңіл ас. Ал Абайдың ендігі мақсаты – құсхана көлемін үлкейтіп, түрлі тауық пен қаз-үйрек санын арттыру.

Суретті түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ

Қымбатшылық қос бүйірден қысып барады

Дүниежүзілік дағдарыстың басталып кеткенін қашан. Дәл осы тақырып өткен Үкімет отырысында кеңінен талқыланды. Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасы 18,6%-ке дейін өсті. Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың пайымынша, оған бірінші кезекте, сауда жасап отырған серіктес елдердегі инфляцияның өсуі мен әлемдік азық-түліктің қымбаттауы тікелей әсер еткен. Біріккен Ұлттар Ұйымы азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының мәліметі бойынша биылғы наурыз айындағы азық-түлік бағасының әлемдік индексі 159 проценттік тармаққа дейін өсіп, соңғы 30 жылда болмаған ең жоғары деңгейге жеткен. Әлемде негізінен дәнді дақылдарға, өсімдік майына, кантқа, ет пен сүт өнімдеріне баға өскен. Бұл біздің нарыққа да тікелей әсер етіп отырғанын атап өтті. Осы орайда Үкімет басшысы ел Президентінің тапсырмасы бойынша 2022-2024 жылдарға арналған инфляция деңгейін бақылау және төмендету бойынша кешенді шаралар іске асырылып жатқанын айтты. Инфляцияны ұстап тұру үшін қажетті құралдар барын, мемлекеттік органдар мен әкімдіктер оларды тиімді пайдаланып, бұл мәселені ерекше назарда ұстауын тапсырды.

Инфляцияның артуына не себеп?

Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірмаатов инфляцияның артуына азық-түлік тауарлары ең көп үлес қосқанын айтты. Айталық, қырыққабат, кант, картоп, қызанақ бағаларының айтарлықтай өсуі байқалған. Наурыздың төртінші аптасының қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы жылдық көрсетілуі 18,6%-ке дейін өскен. Бұл өсуге наурыздың екінші аптасында жекелеген азық-түлік тауарлары на сұраныстың артуы себеп болса керек. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының апталық өсуі наурыздың соңғы аптасында 1,3%, сәуірдің бірінші аптасында 0,9% болып тұрақтанған. Тіпті азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы да қымбаттаған. Ақылы қызмет көрсету бағасы 7,1%-тен 8,3%-ке дейін өскен. Өткен айда инфляция 8,7%-тен 12%-ке дейін жеделдеп, 2016 жылғы қыркүйектен бері ең жоғары көрсеткішке жетті. Оның себебін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Экономика және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі, Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты Гүлшат Мұсаева төмендегідей талдап көрсетті.

Біріншіден, жекелеген азық-түлік тауарларына сұраныстың артуы. Нарықта әрекет ететін сұраныс заңы бойынша баға неғұрлым жоғары болса, тұтынушылар сатып алатын игіліктердің көлемі де соғұрлым аз болады және осыған керісінше. Бұл заң – нақты ақиқаттармен дәлелденген гипотеза. Сұраныстың мөлшері халықтың ақшалай табысының деңгейіне ықпал етеді. Қарапайым тілмен айтқанда, сұраныс артқанда бағаның да шарықтайтыны заңдылық. Азық-түлік бағасының өсуі ел ішіндегі инфляцияға айтарлықтай үлес қосып отыр. Бұл өзі шеңбер секілді, сұраныс артады, тиісінше баға өседі, нәтижесінде инфляция көтеріледі. Қазір елде қырыққабат, кант, картоп және қызанақтың бағасы өсті. Бұған себеп – азық-түлік инфляциясының 1 ай ішінде бірден 5,8%-ке артқаны. Жалпы, әлемде азық-түлік тауарларының бағасы қымбаттауда. Екіншіден, Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров айтқандай бағаға қысым болуда. Ол қандай қысым? Дәл қазіргі жағдайымызда қалыптасқан екі жағдай: инфляция және

импорттық қысым. Елімізде өндіріс ішкі сұранысты қанағаттандыратын кейбір тауарлар бойынша, мысалы нан-тоқаш өнімдері, жарма, ұн және сүт өнімдерінің бағасында сыртқы бағалармен айырмашылық бар, бұл инфляциялық қысым тудырады. Ал, импорттық қысымға келетін болсақ, өздеріңізге белгілі, халық тұтынатын өнеркәсіптік өнімдерді былай қойғанда, азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі Қазақстанға сырттан әкелінеді. Демек, жағдайымыз импортқа тәуелді. Валюта нарығындағы жағдай мен теңге бағамының құбылмалылығы да әсер етеді. Рубль мен теңге бағамдарының құбылмалылығы және жеткізу тізбегінің өзгеруі жаңа импорттық жеткізілімдер мен импорттық құрамы жоғары (ингредиенттерден бастап қаптауға дейін) қазақстандық өнімдердің бағасына әсер етеді. «Қазақстанда жасалған» деген таңбамен шығарылатын бірқатар өнімдердің құрамы немесе өнім шығаруға қажетті қоспалары шетелден жеткізілетінін біреу білсе, біреу білмейді. Үшіншіден, әлемдегі геосаяси ахуал. Устіміздегі жылдың 24 ақпанында Ресей президенті Владимир Путин Украинада арнайы әскери операция жасау туралы шешім қабылдады. Сол күннен бастап Украинада әскери жағдай енгізілді. Осыған байланысты АҚШ пен Еуропа Ресейге бірқатар санкция салды. Қазақстан – ашық экономика принципін ұстанатын жаһанның бір бөлігі. Қаншама әлем елдерімен халықаралық сауда-экономикалық, т.б. саяластар бойынша алыс-беріс қатынасымыз бар. Бұдан бұрын да 2008, 2014 жылдары дүниені шарпыған қаржы-экономикалық дағдарыстардың салқыны Қазақстан экономикасын да айналып өтпегенін білесіздер. Ал, бүгінгі таңда қалыптасқан жағдай тым күрделі, өйткені әңгіме өзге елдерге қарағанда, қоян-қолтық араласып жатқан көршілес Ресейге қатысты. Қорыта айтқанда қазіргі жағдай теңге бағамының құбылмалы болуымен ғана емес, АҚШ пен Еуропа тарапынан Ресейге жасалып отырған бірқатар санкцияның нәтижесінде Қазақстанға сол ел арқылы келетін импорттық тауарды жеткізу тізбегінің, логистикалық жүйенің бұзылу қаупімен, яғни, халықаралық транзиттің жағдайымен де ерекшеленеді, – деді экономист маман.

Нан бағасы тамызға дейін тұрақты

Тапқаны тамағынан артылмайтын жұртшылық күн сайын құбылған бағаның қашан тұрақталатынына алаңдаулы. Өнірдегі азық-түлік бағамының жайын сөз өткен брифингте ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев тиісті шаралар қабылданып жатқанына хабардар етті. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін облыстың тұрақтандыру қорынан тауарлық интервенциялар жүргізу, сондай-ақ ай-



налым схема бойынша заем беру арқылы қолға алынууда. Қорда қарыз алушылардың өнімімен бірге 10,2 мың тонна қалыптастырылған болса (8784,5 тонна қарыз алушылардың міндеттемелері және 1461,8 тонна тұрақтандыру қоры), 8,7 мың тонна контрактпен. Қорда 1 461,8 тонна өнім бар.

Осыдан бірнеше күн бұрын Астық өңдеушілер одағы елімізде бір жарым аптаға ғана жетерлік бидай қоры қалғанын мәлімдеген еді. Астық өсірушілер мен өңдеушілер бидайды бөлісе алмай дау туғаны, ол таусылса барлық дүрмендер жұмысын тоқтатуға мәжбүр екенін айтқан болатын. Алайда ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі егіншілік департаментінің директоры Азат Сұлтанов әлеуметтік нан бағасы үнемі реттеледі және бақылауда ұсталатынын айтты. Оның бағасы да өзгермейді, қымбаттауға еш негіз жоқ деген-тұғын.

Сәуірдің біріндегі жағдай бойынша республикада 6,4 млн тонна астық болған. Ішкі нарықта тапшылық тудырмау және ұн тартатын кәсіпорындарға жүктемені азайту үшін Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия 15 сәуір мен 15 маусым аралығында бидай мен ұн экспорты квоталау шешімін қабылдады. Бидай квотасының көлемі – 1 млн, ұн – 300 мың тонна. Ал 7 сәуірдегі мәлімет бойынша елдегі ұн қоры 118 мың тоннаға жетеді. Оның ішінде: тұрақтандыру қорларында 10,4 мың, айналым схемасы аясында 22 мың, өндірістерде 48,6 мың, қоймаларда шамамен 20 мың және сауда объектілерінде 18 мың тонна бар. Аталған көлем ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуге толық жетеді.

Өнірдегі жағдайға келер болсақ, облыста нан бағасын тұрақтандыру үшін «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰҚ» АҚ, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыс әкімдігі арасында арзандатылған бидай алуға меморандумға қол қойылды. Астық сақтау қоймаларынан ұн өндіруші кәсіпорына ақпан-тамыз айлары аралығына 13,6 тонна астық бөлінген. Бүгінде алғашқы 340 тонна ұн жеткізіліп, 544 тонна ұн тасымалдануда. Нәтижесінде, ірі

наубайханалармен әлеуметтік нанды 80-85 тенгеден босатып, бөлшек саудада 90 тенгеден аспайтын бағада сату жөнінде келісім жасалды.

Сонымен қатар, тұрақтандыру қоры мен айналым схемасы бойынша берілген заем есебінен 72,3 тонна макарон өнімдері нарық бағасынан 20% арзан сатылса, әлеуметтік дүкендерде нанның бір бөлшегі 55 тенгеден саудалануда. Қазір дүкен сөрелерінде ас атасының түр-түрін табасыз. Астамшылықтан сактасын, алайда оның сапасына сын айтушылар көп. Ұн сапасына көңілі толмайтын тұрғындар шағымын басқарма басшысына айтқанымызда, наубай-ханашылардың таңдауы «Roua» атты ұнға түскені, мамандардың шешімі солай болғанын жеткізді. «Нан илеп, пісіріп жүргендер ұнның сапасын біледі деп ойлаймыз. Сол себепті осы үн түрін тоқталдық» деген жауап алдық. Алайда әлеуметтік дүкен сөрелерінде қалталарға өлеңініп салған ұн түйдек-түйдек болып қатып қалған. Оны арнайы елекпен біртүгізіп, тас болып қатып қалғанын майдалап үгітіп отыру керек. Келісі 125 тенгеден сатылып жатқан ұнды таласып алып жатқандар шамалы. Ал супер-маркетте макарон өнімдерінен «Цесна» түрінің келісі 345-365 тенге аралығында екен.

Ағарғансыз отырмайтын қазак бүгінде қорпаптағы сүтке үйренді. «Петропавль» сүті 360 болса, жергілікті «Дәмді» сүті 510 тенгеден сатылууда. Өзіміздің өнірден шығатын өнім қала халқына қымбат бағамен беріле ме деген ойға қалдық. Құнбағыс майының «Маслозавод» түрі 880 болса, әлеуметтік бұрыштағы май 630 тенге екен. Ал қырыққабаттың ерте пісетін сорты 445, қияр 590, қызанақ 1080 тенгеден сатылууда. Адам ағзасы үшін дәруменге толы көкөністердің бағасы әлі шарықтап тұр. Жылжыдай піскен қияр мен қызанақтың жайы белгілі. Дәмі су татитын көкөністің бағасы қымбат сатылса да өтімді. Себебі жеңіл-желпі салаттардың оңсыз түрі де, дәмі де келіспейді.

Пәкістандық картоп

Күнделікті ет асып жемесе де, тез дайындалатын қуырмашты жөн санайтын-

дар картоп пен сәбіз, бас пияз, қырыққабат өнімдерінің бағасы маусымдық өсуге ұшырамайтынына сенгісі келеді. Өйткені өткен жылы картоп пен сәбіздің бағасы 500-600 тенгеге бірақ шыққанын жұртшылық ұмыта қойған жоқ. Бұл орайда басқарма басшысы Талғат Тұрсынұлы маусымаралық кезеңде бұл өнімдермен қамтамасыз ету үшін мамыр-тамыз айларына 50729 тонна картоп, 511 тонна қырыққабат, 837 тонна пияз, 664 тонна сәбіз және 747 тонна кант барын айтты. Бұрынғы қордағы өнімдер таусылуға жақын. Қазір қала халқы қажеттілігінің 30%-ін қамтуға жетеді. Қалғаны кәсіпкерлер тарапынан шешілуінде. Қазір көкөністердің ерте пісетін түрінен 100 тонна алуға Түркістан облысы Жетісай ауданының «Ынтымак» шаруа қожалығымен сактандыру қоры арқылы келісім-шартқа қол қойылған. Сәуірдің 25-нен кейін өңір халқы көрші облыстың балғын көкөнісін пайдалана алады. Ал картопты Пәкістан, Иран, Өзбекстан, Тәжікстаннан, қырыққабатты Түркістаннан, сәбізді Өзбекстаннан тасымалдайды. Оған алдын ала келісім-шарт жасалған. Мамыр-тамыз аралығында 7834 тонна картоп, 1331 тонна қырыққабат, 295 тонна пияз, 1658 тонна сәбіз, 2820 тонна кант сатып алу жоспарлануда.

Қаладағы бірнеше дүкендерді аралағанымызда картоптың былтырғы сорты мұрттанып кеткенін көзіміз шалды. Оның бағасы 250 тенгеден сатылууда. Пияздың келісі 250 тенгеден болса, дәл сол дүкеннің әлеуметтік бұрышында еш айырмашылығы жоқ өнім 65 тенгеден саудалануда. Сәбіз де дәл солай, бір өнім екі түрлі бағада сатылууда. Былтырғы сәбіз болғандықтан кеуіп, іші ағаштанып кеткен. Сәбіз деген аты ғана. Оның келісі 245 тенгеден болса, әлеуметтік бұрышта 130-дан деп бағасы көрсетілген.

Сұраныс көбейген сайын бағаның өсуі заңдылық. Бұл бағаны көтеріп жіберуі де мүмкін. Сондықтан «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰҚ» АҚ арқылы жоғарыда аталған мемлекеттермен келісім жасалып, бағасына байланысты жұмыстар болады.

Дәл қазіргі уақытта елде азық-түлік тапшылығы орын алмауы керек. Бұл үшін қолдан келген шаралар жасалууда. Дегенмен, осы көкөністі өзіміздің жерде өндіріп, әр шаруа қожалығына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе, ел асып Иран мен Пәкістаннан картоп сатып алмас едік. «Қарап жатпағанның қармағы қабады» демекші, есік алдындағы он сотық жеріне отбасының қыстық картобы мен сәбізін егіп алуға да болады. Жалқаулығымыз жар бермейді дейін десем, таяқтың ұшы өзімізге келіп тиетіні анық. Өйтпесе Жер ананы аяласаң, ол да саған еңбегіңнің өтеуін аямай берер еді. Осыны түсіну үшін соншалықты ғалым не егінші болудың да қажеті шамалы. Тек талап пен еңбекті қажет етеді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген бала кезде санамызға сіңіп қалған тәмсілді еске алсақ жетіп жатыр.

Ел экономикасының ахуалы қалай болмақ?

Алдағы уақыттағы ел экономикасының ахуалы жайлы мамандар болжамы қандай? Бұл сауалды Гүлшат Мұсаева былайша саралап берді.

– Жыл басынан бері ел экономикасы 4,4%-ке, экспорт көлемі 71,4%-ке өскен. Әлемде мұнай бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты Ұлттық қорға түсетін кірістер өткен жылдың осы кезеңінен салыстырғанда 4 есеге ұлғайған. Дегенмен, инфляция 12%-ке жетіп тұр. Әлемдегі геосаяси жағдай салдарынан Еуропаның аумақты деген алпауыт елдерінің өзінде азық-түлік тауарларының бағасы 20%-ке қымбаттаған, геосаяси жағдай тұрақтанбаса, әрі қарай да жалғасуы мүмкін. Дүниежүзілік банктің зерттеу нәтижесіне сай, Қазақстан экономикасының өсімі биыл баяулайды. Халықаралық қаржы ұйымы еліміздің жалпы ішкі өнімі 1,8 процентке дейін төмендейді, ал инфляция дәлізі 10,5 процентке дейін шарықтап, келер жылы 7,2 процентке дейін түседі деп болжам жасаған. Оның басты себебі, инфляциялық қысым мен проценттік мөлшерлемелердің өсуі және Батыс елдерінің Ресейге қарсы енгізген санкциялары. Сонымен қатар, жоғарыда атап өткеніміздей, халықаралық брендтердің едәуір бөлігі Ресейде өндіріс ошақтарын ашқан, олар шетелден шикізат, компоненттер және басқа заттарды жеткізуге тәуелді. Еліміздегі ассортименттің шамамен 10%-ін ресейлік өндіріс тауарлары құрайды. Ал, Ресей арқылы басқа елдерден әкелінетін импорттың үлесіне ассортименттің шамамен 40%-і тиесілі. Демек, халықаралық логистиканың балама жолдарын іске қоспайынша, жағдай айтарлықтай өзгермейді.

Дағдарыстың алдын алу немесе салдарын, зардаптарын төмендетудің жолдарына тоқталып өтейін. Халықаралық транзиттің Ресей аумағынан тыс жолдарын қарастыру. Әрине, бұл әдеттегі жеткізілім тізбегі мен басқа да шығын әкелетін өзгерістерге байланысты тауар бағасының қымбаттауына әсер етеді. Азық-түлік бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету – Ұкіметтің негізгі міндеті. Нарықтық экономика тұсында өнім немесе қызмет бағасына мемлекеттің араласуы біршама күрделі. Дегенмен, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар бағаның маусымдық өсуіне жол бермей, алдын алу шараларын жүйелі түрде қабылдауы қажет. Әсіресе, жыл сайын көктем мен күз мезгілдерінде – шаруашылықтардың жұмысы қызған шақта жанар-жағар май бағасы көтеріліп кететіні жасырын емес. Ал, ол ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнына тікелей әсер етеді де, нәтижесінде өнім бағасы көтеріледі. Өнірлердің қажеттіліктерін мұқият зерделеу, үнемі мониторинг жасау және елді әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету мәселесін тұрақты бақылау маңызды. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін баға үстемесіне тиімді бақылау жүргізу, осы орайда өндіруші мен тұтынушы арасында делдалсыз тікелей қатынас орнатуға күш салу керек. Сонымен қатар, елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022-2024 жылдарға арналған инфляция деңгейін бақылау және төмендету бойынша қабылданған кешенді шаралардың тиімді жүзеге асырылуын мемлекеттік органдар мен әкімдіктер ерекше назарда ұстауға тиіс.

Қорыта айтқанда, импорт көлемін қысқартып, отандық өнім көлемін арттыру – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, бағаны тұрақтандырудың ұтымды жолдарының бірі және бірегейі. Ол үшін әрине, өндіріс ошақтарын ашу, отандық тауар өндірушілерді шынайы түрде қолдау, кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсету нақты әрі жүйелі түрде жүргізілуіне тиіс.





ТАҒЫМ

Ол заманды біреулер ансайды, өзгелер қолдамайды. Екеуі де өзінше дұрыс шығар. Бірақ, сулы, нулы Сыр бойының елі мен жұртына көрсеткен оң ықпалын ешкім жоққа шығара алмасы да анық. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысы осы аймақ ауыл жағдайына, соның ішінде су шаруашылығы үшін маңызы мен мәні өте жоғары істерге толы болғаны рас. Мелиорацияның арқасында туған өлке түледі, адам танымастай өзгерді, күрші өндіру орталығына айналды. Суармалы алқапты тұрғызған құрылысшылар құрметке бөленді. Егіншілер күршіті өсіруде бұрын-соңды болмаған биік нәтижеге жетті.

Алдына шығып, өрлеген бірегейлері марапат шыңына көтеріліп, Еңбек Ері атағына иелік етті. Аудандар мен ауылдар арасын жалғаған тас жолдар салынды. Егіншілер су жана үйге қоныстанды. Су саласы мамандарының абыройы артты. Олардың алдығы қатарында Ержігіт Бозұлов, Сабыр Арыстанбаев, Айкынбай Дүйсеков, Елтай Құтыбаев, Елтай Тыныштықбаев, Әлімбет Жаббарханов, Мәделхан Нәлібаев, Жанайбек Сақтағанов, Тыныштықбай Сырғабаев, Әскербек Мақұлбеков, Кенжебек Ерімбетов, Виктор Морозов, Палмағамбет Әжімбетов, Иранбек Тілеулиев, Жақсылық Байділдаев, Исатай Алдабергенов, Төрехан Қарлыханов, Әбдіманап Құтжанов, Камал Құлмбетов, Сламхан Досболов болды.

Сол кезең аймақтың экономикалық-әлеуметтік ахуалы үшін нағыз тиімді, барынша қолайлы болғаны азаматтар есінде. Дария суы адам күн-көрісіне бұрылды, өзенге тас бөгет салынды. Байтақ жер тегістеліп, егінге су төгер қаналдар қазылды. Күрмегі жоқ күршітен мол өнім алынды. Егіншілер табысқа кенелді, бақуат тұра бастады.

Мал шаруашылығы да онды өзгерістен тыс қалған жоқ. Төрт аяқтың қоңын бітік өскен жоңышқа қалыңдаты. Сүт пен ет көбейді. Ең бастысы, ауыл еңесін көтерді, қанатын кең жайды, мамандар тұрақтап шоғырланды, орталық қалаларда білім алған жастар туған жеріне қайта оралды. Ұшан-теңіз қаражат ел, ауыл игілігіне жұмсалды.

Осы жауапты да қайырымы мол сан түрлі істердің басықасында өз қарекетін ысырып қойып, уақыттын санаспай, жоғарыда аттары аталған тұлғалы азаматтар тек туған жерді түлетуді мақсат етті. Олар өмірін болмыстың басты ісіне – жерді күту мен суды оңды реттеуге солаймен арнапты.

Осы алып мұрабтардың арқасында Сыр бойының елі еңесін тік көтерді. Бұрынғы күрші егісі 25 мың гектардан аспайтын болса, ол 85-90 мың гектарға жетті. Даму дәуірі тіпті бөлек күршіті баптау мен күту мәдениеті жаңа биік деңгейге жоғарылады. Тың тәжірибені қызықтап, үлгі тұтқан өзге ел, басқа аймақ күршішілері мен мамандары жуықтап, үйренетіндей жағдай жасалды. Осының арқасында көп айтылатын ауылды қалаға жақындату мақсаты өңірде өзінің лайықты шешімін тапты.

Өткен ғасырдың 1950-1980 жылдарында жүргізілген суармалы алқаптарды салу жұмыстары, шамасы, бұрыннан үйреншікті атақесібімізді жаңғырттып, оған тың, күрделі қарқын бұйыртыпты. Туған табиғаттың ұйғарымы осындай болған шығар. Бұл Сыр бойының маңдайына жазылған өзгермес тағдыры да болар. Ұлы табиғаттың берген өзені мен аймақ ауасының ыстығы, екпе дақылдың баршасы тек қолдап ылғалдау арқылы өсуі, Сыр

ат басын тіреп, өздерінің салмақты, маңызды, құнды ел-біздерін бас кітапқа түсіріп те үлгеріпті. Уақыт өз дегенін істейді дегендей, Мәделхан аға отбасының келісуімен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті басшылығының қолдауымен, өңірде, елге белгілі азамат, Еңбек Ері Абзал Ералиевтің тікелей көмегі арқасында сол музей жаңа қонысқа орналасты. «Тоғыз жол торабы»

де намысқа тырысып, «иә, дәл солай!» деп жауап қайырушы едік. Сөйтсек, асыл аға бір нәрсені сезеді екен-ау! Ендеше, сол күмән бүгін расталды. Қазір өңір шаруашылықтарында жоғары білікті су мамандары жоқтың қасы.

Табиғат заңдылығына орай материалдық қордың шектелуі белгілі. Сондықтан қазір өңірдің басты экономикалық, әлеуметтік негізі болып келе

малы алқаптың жай-күйін жоғары кәсіби деңгейде қадағалап, бақылап, мол суды ыждағаттылықпен тиімді пайдаланды іске асырып, дақылдарға қажетті мөлшерде ылғал беруді ұтымды ұйымдастырушы еді. «Қызылордасуар» мекемесі мәліметі бойынша, облыс көлеміндегі 500-ге жуық ірілі-уақты шаруашылықта бүгін небәрі 30-ға жуық қана су маманы қалыпты. Шындығына келер

берілген екен. Аталған жағдай тарихтан белгілі. Бұл – орасан мол шығын! Осы жағдайға қайта келу қаупі алдымызда айқын тұр. Сонда өңірдің бас қазынасы – суармалы алқаптарды қолымызға ұстатып кеткен ағалар аруағына не демекшіміз? Бүйте берсек, қазір қызмет атқарып жатқан «Қызылордасуар» басшысы енді он шақты жылда зейнетке шығарда орнына қояр маман таба алмай қалуымыз әбден мүмкін.

Ауыл келешегі ауыл азаматарын қатты толғандырады, әрине. Елді мекен басшысы жатса да, тұрса да осы ойдан сіре құтыла алмас. Оқу бітірген су маманы ауылға бармайтынын ескерттік. Өз білімімен мемлекеттік грант жеңіп алған, Қызылордада осы мамандыққа иелік еткен қыз бала, Алматыда су шаруашылығы маманы атанған тұлғалар ауылға бармайтынына көзіміз әбден жеткен. Сонда тығырықтан шығу жолы бар ма? Әрине, бар! Мұның жолы – тәрбиеде, ұлы қазақы тәрбиеде! Ауыл жеткіншектеріне отансүйіштің алдымен туған ауылынды сүйден басталатынын санасына о бастан құю, жеткізу, түсіндіруде! Ауыл мен шаруашылық басшысы ақсақалдармен бірге мектеп оқушыларымен пікірлессе, оларға шаруашылыққа су маманының ауадай қажеттігін, бабалар тілеуімен, аға ұрпақ күшімен салынған суармалы алқап тек су мамандарының ерікке пара-пар еңбегі арқасында ауылды мәңгілік асырайтын аса құнды қазынаға айналатынын ұғындыра, саналы, білімді, өнегелі жеткіншек ойланады. Ойланбай қайда барады? Өйткені, өз ауылың өз қолымен көгертуден, туған жерін өз білімімен биікке көтеруден артық азамат үшін құнды мәртебе болған емес. Егер сол жеткіншек Мәделхан аға жасап кеткен, өңірде, тіпті елде, теңдесі жоқ музейді көрсе, өзінің емес, өзегінің қамын ойлаған мұрабтар қалдырған игілікті істерге арналған, өңір ауыл шаруашылығына бұрын-соңды болмаған ықпал жасаған су мамандарының еңселі еңбектерімен танысса, онда сол жеткіншектің өмірін аймақтың шешуші мамандығына арнайтынына күмән қалмас.

Бүгін суармалы жердің мәні анау айтқандай жоғары емес. Өзге аймақтар сияқты біздің өңірде де біршама уақыт болды, жер қыртысы қазба байлығы тұрғындардың бас күнкөрісіне айналған. Суармалы егіс кейінге ысырылды. Бұл дұрыс та болуы мүмкін. Әр заманның өзіне лайықты бас кәсібі болады дегендей. Бірақ, бір нәрсе әсте анық! Өткен ғасырда аса көрегендікпен аға ұрпақ өкілдері салып берген суармалы алқаптар ертең-ақ күш алып, қайрат жинап, болашақ алдында мол жауапкершілік көрсеткен су мамандары ықпалымен, дүниеден өткенмен, қасиетті істері осы музейде жарқырап көзге басылып жатқан аға ұрпақ істерінен нәр алған, туған жерінің қайта түлеуін қалаған тәрбиелі, білімді, өнегелі жастардың қажырлы еңбегі арқылы мәңгілікке бет түзейді!

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры, техника
ғылымдарының докторы,
«Құрмет» орденінің
иегері, Қызылорда
қаласының Құрметті
азаматы.

ТАҢДАПТЫ МӘНГІЛІКТИ МҰРАБ АҒА

бойын мықты ерекшелеп, оған өз алдына мол сый тартыпты. Осы өлкедегі жер мен су байлығын бабалар ұрпағына аманаттапты. Сол қасиетті тапсырманы ағаларымыз өткен ғасырда асқан жауапкершілікпен іске асырып, сонына аймақ азаматтарының несібесін еселейтін суармалы алқаптарды қалдырыпты.

Туған аймақты түрлендіріп, ел несібесін ұлғайтуды көздеген, арқалы істерді жанкештілікпен атқарған, жоғарыда есімдері аталған тұлғалы азаматтар марапат туралы ойлаған жоқ. Тек өңір алдындағы перзенттік парызын ғана көздейді. Ендеше, бәрін айт та, бірін айт дегендей, аға ұрпақ өнегелі істерін көріп, үлгі-тағлым алған біздің парызымыз – сол асыл азаматтардың есімдерін кейінгі ұрпаққа жеткізіп ұлықтау, аймақ тарихында алатын биік орындарын белгілеу, нақтылау. Бұл – дүниеден өткен ағалар алдындағы біздің қасиетті борышымыз бен міндетіміз. Зор еңбекті жоғары бағалау арқылы келер ұрпаққа тәрбиелі жалғастық көрін орнату, сөйтіп алғашқылардың қасиетті үлгісі мен өнегесін мәңгілікке көтеру.

Сол үркердей жұлдызды топтың ішінде Мәделхан Нәлібаев ағаның орны мен жөні айрықша көрінеді бізге. Осы тұста Мәделхан ағаның өңір тарихы алдында жасаған ерлігін айтпасақ, жұртқа кеңінен паш етпесек біздің әлдіміз жоқ. Осы ағайымызды ерекшелейтін, алыстан байқалып, көзге ұратын, өз өңіріміз түгілі бүкіл елімізде бұрын-соңды кезікпеген тамаша құбылысқа себеп болып, замандастары мен болашақ алдында ол кісіні даралайтын жоғары қасиеті жұртты таңғалдырмай қоймас ерек. Ешкім сұрамаса да, жоғары жақ тапсырма бермесе де, осы азамат өз жүрегінің қалауымен, ел мен жұрт алдындағы зор жауапкершілікті теңрең ұғынып, ешбір жанның ойына келмеген тың мақсатқа бой ұрыпты, су шаруашылығы музейін жасауды басты мақсат етіпті. Ағамыз зейнетке шыққасын осы игілікті су шаруашылығы саласының тарихы ісіне өзінің 25 жыл өмірін арнапты. Не деген өз саласына, өз мамандығына солайымен берілгендік пен адалдық! Болашақта осы салаға өмірін арнайтын жеткіншектерге көрсеткен қасиетті өнеге мен аманат.

Аймақ су шаруашылығы алаңының бас кіреберісі іспеттес «Қызылорда» су торабының алдында орналасқан сәулетті ғимаратта музей есігін айқара ашқанына да жиырма жылдан асты. Содан бергі уақытта оған көптеген тұлғалы азаматтар



демекші, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 5-оқу ғимаратының төрінен орын алды. Енді күре жолдың үстінде орналасқан осы музейге оқып жатқан мыңдаған студенттермен қатар, әрліп-терліп өтіп жатқан қала, аудан тұрғындарының, өңір орталығына өзге аймақтардан келген меймандардың жиі ат басын тіреуі уақыт еншісінде.

Осы өзгеріс күт болып келген сияқты. Барша экспонаттар зәулім залға орнығыпты. Осыдан түрлі жәдігерлердің бір-бірімен байланысы және ұйқасымы күшейіп, мықты жарасым тауыпты. Музейдің көзге түсер ерекшелігі – осы өңір үшін суармалы егіншіліктің мағынасын көрерменге тайға таңба басқандай айқын ұғындыруында. Өңір ауылдарының көктеп-көгеруіне бір ғасырдан бергі уақыттағы осы салаға маңдай терін аямай төгіп, аттары алтын әріппен жазылған су шаруашылығының майталман мамандарының тарихын мол зерделікпен ұрпақ санасына ұсынуында.

Жасыратын жоқ, музейдің ордалы қоныстан жай табуы – өңір жұртшылығы, оның ішінде сушылар қауымы үшін айтулы құбылыс, мереке. «Сабақты ине сөгімен» дегендей, осы той үстінде түйткілді ойымыз бен арманымызды айтып қалған орынсыз емес шығар. Мәделхан аға жеке кездесулерде «сендер қандай маман дайындап жатқандар, осы? Олар су шаруашылығы мәселесін толық шешуге дайын ба?» деуші еді көңілі толмағандай біртүрлі. Біз

жатқан қазба байлығымыз жылдар өткен сайын азаяды, кім білген, мүмкін, өкінішке қарай, сарқылар да. Қазірдің өзінде осының шет жағасы сезіле бастады. Азаймайтын, кемімейтін, таусылмайтын, өшпеген несібеміз, байлығымыз да бар. Ол – жер мен суымыз. Ол – ұлы Сырдариямыз.

Бүгін ауыл жағдайы кешегіден бәсеңдегенін шындық. «Ауыл – елдің бесігі» деген рас болса, ертеңгі күні суармалы алқаптар бұрынғыдай келмеденіп, гүлденуі тиіс. Олар өңірді, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуді нығайтып, ауылдың көркеюіне, гүлденуіне негіз болуы міндетті. Олай болса аймақ ауылдарын өткен ғасыр аяғындағы деңгейде жоғары білікті су мамандарымен қамтамасыз ету – қазіргілердің қасиетті парызы.

Өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарына көз жүгіртсе болсақ, сол кезде Жамбыл қаласынан жыл сайын 300-ге жуық жоғары білікті су маманы институт бітіретін. Солардың басым көпшілігі Қызылорда облысына жұмысқа жегілетін. Олар суармалы алқаптарға, адамның тұтынуына қажет дақылдардың молынан өсуіне бар ынтасы мен күш-жігерін, жас қайратын, білімі мен білігін аянбай ортаға сала білді. Сөйтіп, туған жер алдындағы парызын өтеп, ел құрметіне бөленді. Екі жүзге жуық ірі шаруашылықтың әрқайсысында төрт-бестен, кемінде екі-үштен су маманы болатын. Олар аз дегенде екі жарым, үш мың гектар суар-

болсақ, бұл жоқпен пара-пар.

«Ауруын жасырған өледі» деген рас болса, біз қазір осы күрмеулі мәселені өңір жұртшылығы алдына шығарып, жанайқайымызды жеткіземіз. «Бұлар несіне шулап жатыр?» деушілерге айтарымыз, қазір университетте жыл сайын 15-20 ғана су шаруашылығы маманы оқу бітіреді. Олардың басым көпшілігі – қыз балалар. Оған қоса, олардың барлығы дерлік осы мамандықты жүрек қалауымен таңдағандар емес. Грант алуға ниет білдіргенде мамандықты үшінші немесе төртінші кезекте белгілегендер. Олай болса, бұларды өңір шаруашылығына барып, аяғына етік киіп, топырақ кешіп, шаң жұтып, егін аралайды деп ойлаудың өзі артық.

Бүгінгі күннің су маманы қай кезде болса да, «осы атқарып жатқан істерімді қасымда жоқ аға ұрпақ қолдар ма еді, жоқ па?» деп ойлануы тиіс. Амал жоқ, көңіл күпті. Өйткені, қазір су шаруашылығындағы түйткілді мәселелер жеткілікті. Бір-екі жылдан бері баршамыз «Сырдария суы азайып кетті» деп жар салудамыз. Өте орынды! Сырдария суы өткендегідей шалқып ағады деуге сенім аз, әрине. Өйткені, көксек те, көнбесек те ғаламдағы тұщы су қоры азаймаса, көбеймейді.

Біреулер әлеуметтік желіде «үстімізден ұшақтарын ұшызыбайық, теміржолмен пойыздарын өткізбейік, тас жолдағы көліктерін бөгелік, сөйтіп дарияның жоғары жағында орналасқан елдерді Сырдария суын көбейтуге мәжбүрлейік» дейді. Біздіңше, бұл – оң бағыт емес. Оның түбегейлі дұрыс жолы – ол өзен бойында орналасқан төрт ел президенттері бас қосып, тікелей көзбезді түйін шешімін табады деп ойлаймыз.

Ендігі мәселе сол қолда бар су қорын барынша тиімді пайдалануға тіреледі. Олай болса, Сырдарияның суы тартылып барады деген әділ де, сол алаңдаушылыққа қоса, суды дұрыс та тиімді пайдаланудың жолы мен әдісін білетін су мамандары шаруашылықтардан күндіз шам жағып іздегенмен табылмайтынын неге қатар айтпасақ? Сөз жоқ, біздің облыс жағдайында осы екеуі – егіз қойылатын мәселе!

Ертең Сырдарияда су көбейді делік! Сол мол суды төкпей-шашпай, инженерлік жүйенің көптеген бөліктерін техникалық ережелерге сәйкес ұтымды пайдалануын ұйымдастырып, егіншілерге оң ақыл-кеңес беретін білікті су маманы жоқ болса не істейміз? Елуінші жылдары әрбір гектар күрші егісіне 50-60 мың текше метр су



● АТАМҰРА

Зеңгір көкте самғаған қыран бүркіт

Жанақорған ауданының тұрғыны Ғалымжан Өміртайдың бүркіт баптағанына небәрі жарты жылдың жүзі болды...

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Зеңгір көкте самғаған бүркітке ерекше бап керек. Оның сұсы мен мысына екінің бірі шыдай бермейтіні тағы бар...

Биыл Жанақорғанда республикалық құсбегілер фестивалі өткізілді. Оған еліміздің көптеген өңірінен бұл жөнінен тәжірибелі адамдар келді...

Сыр өңіріне сапармен келген ҚР «Қыран» федерациясының президенті, ҚР құрметті спорт қайраткері Бағдатхан Мүптекеқызының айтуынша...

Алаштыңарғы-бергі тарихын зерделеген академик Әлкей Марғұлдан қазақ саятшылары бүркіттің үш тобын он екі түрге жіктегенін жазған...

Сырдария мен Қаратау аумағында көзге ұшырасады.

Халқымызда «Құстың жүрегі көзінен көрінеді» деген сөз бар. Ол тектен-текке айтылмаған секілді...

Бүркіт баптағаныма көп уақыт өте қоймаса да, біраз нәрсені байқап үлгердім, – дейді Ғалымжан бізбен әңгімесінде...

Ғалымжан ұядан алған бүркітті қолбала деп атайтынын айтады.

Бұл үрдіс түз бүркітін жуасытудан өзгеше. Әдетте, құсбегілер балапанды ұясынан жетілдіріп, ұшуға таяғанда алғанды жөн көреді...

Колға үйретудің тағы бір түрі – еркіндікте жүрген бүркітті қолға ұстап, оны аңға салуға үйрету...

Еліміздің көптеген өңірінен жиналған құсбегілер Жанақорғанда бірнеше күн бойы ұлттық өнерді ұлықтады...



Ибраев кезінде Сыр бойында да құсбегілікпен атағы алысқа кеткен кісілер болғанын айтқан еді...

Қазалы ауданында Бегалы, Балғынбай, Сейтім сынды кісілер саятшылықты серік еткен...

Қуаныштысы, елімізде құсбегілік өнерді дәріптеп, ел арасына танытуға «Бүркітші» және «Қыран» федера...

уақытта Сыр өңірінде құсбегілер қатары көбейді деген ойдамын. Аталған іс-шараның өзін үшін бергені мол...

Жемсауын толтыруы, баптауы қанша қиын десек те, бабадан балаға мұра болған бекзат өнерден қазақ бас тартпак емес...

Бүркіттің тамағын тауып беру оңай емес...

Осыдан жеті-сегіз жылдай бұрын өңірге құсбегілік фестиваліне келген республикалық «Жеті қазына» құсбегілер клубының мүшесі Балтабай...

Сондай-ақ, қазіргі таңда жастар арасында суицидтің өршуіне осы күні пайда болған кибербуллинг...



Өлшеулі өміріңді өзің кеспе

Өткен жылдың соңына таяу галамтор бетінен мынадай бір ақпаратты көзіміз шалған еді. Америка Құрама Штатында өз-өзіне қол жұмсап, көпірден секіремек болған қызды құтқарып қалғаны үшін қазақстандық Ақжан Ансағанов есімді азаматқа марапат табысталған.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Бұл жаңалықты қазақстандық журналист Т.Аманов өзінің Instagram парақшасында бөліскен.

Оқиға Гавайи штатының Гонолулу қаласында болған. Қаладағы көлік көп жүретін көпір үстінде бара жатып суицид жасауға әрекет жасаған қызды байқап қалған азамат еш ойланбастан оны құтқарып қалады.

Оқиға туралы ол ешкімге айтпаса да Гонолулу қаласының мэрі Рик Блэнджарди бұл жаңалықты естіп, қазақстандық жігітті іздеп тауып, марапат ұсынған.

тап, сонымен қатар, дәл осы күнді Гонолулу қаласында Ақжан Ансағанов күні деп жариялаған.

Адам өміріне деген осындай жауапкершіліктің нәтижесі болар, өзге елдермен салыстырғанда, АҚШ-та бүгінде суицид көрсеткіші төмен екен.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, суицид көрсеткіші бойынша Қазақстан Орталық Азия елдерінің арасында алғашқы бестіктен көрінген. Деректермен дәлел келтірсек, 2019 жылы 3805 адам өз-өзіне қол жұмсап, өмірмен қоштасқан болса, 2020 жылы 3526 жағдай тіркелген.

қол жұмсауға әрекет жасаған. Кешегі карантин кезінде 114 жасөспірім суицидке әрекет жасап, оның 46-сы қайғылы жағдаймен аяқталған.

«Азаттық рухы» сайтының ақпаратына сүйенсек, елімізде 2019 жылы – 3805, 2020 жылы – 3526, ал 2021 жылы – 3353 адам суицид жағдайында көз жұмған.

Әкінішісі, оның 474-і 18 жасқа толмаған балалар екен.

Мамандардың зерттеуінше, суицидке бару әрекеттерінің бірнеше себебі бар. Олар – адамның қоғамнан ажырап, жалғыз қалуы, психикалық күйзеліс, отбасының қаржылық қиындықтарға душар болуы...

Сондай-ақ, қазіргі таңда жастар арасында суицидтің өршуіне осы күні пайда болған кибербуллинг, яғни, әлеуметтік желілер арқылы ар-намысына тиюдің салдары да айтарлықтай әсер еткенін мамандар растап отыр.

Тағы бір дерек, «Unicef» қоры мамандары 2017 жылы Қызылорда облысындағы 312 мектеп пен колледждегі 48754 жасөспірімнен әңгімелескен екен.

Нәтижесінде, 2000-нан астам жасөспірімнің суицид жасауға бел байлағаны анықталған. Абырой болғанда, олар дер кезінде арнайы психолог мамандардың көмегіне жүгініп, өздерінің қате шешімдерінен бас тартқан.



бағытталған шараның бірі сияқты.

Ал, 2020 жылғы 30 наурызда Үкіметтің арнайы қаулысымен бала құқықтарын қорғауды күшейте, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасы қабылданды.

Иә, бүгінгідей ақпараттың толассыз ағыны адам санасына ауыр салмақ салып отыр. Сондықтан бұл жағдайда әсіресе, балалардың қандай ақпаратпен сусындап жүргенін ата-ана қадағалап отырғаны жөн.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

www.facebook.com/syrboyi_kz/ Меншік иесі СЫР МЕДИЯ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабалдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабалдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007) Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А». e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz